

Анасова К.Т.¹, Құрманбаева Л.Т.², Мажен Е.К.³

¹философия ғылымдарының кандидаты, доцент, e-mail: anasova_76@mail.ru

²философия ғылымдарының кандидаты, доцент, e-mail: klt2302@mail.ru
М. Тынышбаев атындағы ҚазККА, Қазақстан, Алматы қ.

³1 курс PhD докторанты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: Kenz-84@mail.ru

**ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТ КОНТЕКСТІНДЕГІ
ДӘСТҮРЛЕР САБАҚТАСТЫҒЫ**

Мақала ұлттық мәдениет контекстіндегі дәстүрлер сабақтастығы мәселесіне арналған. Аталмыш ұғым рухани дүниетаным призмасы арқылы берілген категория ретінде қарастырылады. Тарих қайнауының өлке түпкірлерінен бастау алатын мәдени мұрасында халықтық адамгершіліктің, моральдың өлшемдері бар; мұнда ең бірінші кезекте сабақтастықпен дамуға, этностың әрбір өкілінің бүкіл болмысына сезімін саналы түрде халық өмірінің тұрақты рационалдық негіздерін аңғаруға жұмылдыратын практикалық ақыл-кеңестер бар. Мәдени мұраға деген қатынас мәселесі бүгінгі күні маңызды орын алып отыр. Өзгерістер жолымен одан әрі жүрген сайын мәдени мұраға біз қалай қарауымыз керек. Дүниежүзілік мәдениет қазынасынан біз нені алуымыз керек, алыс және жақын тарихи өткендегі және бүгінгі күні заманауи Қазақстан қоғамында жасалып жатқан мәдени құндылықтарды біз қайтіп пайдалануымыз керек дейтін мәселелер өзекті бола түсуде. Сабақтастық тек белгілі бір саланың артықшылығы емес, бұл – қандай да бір болмасын дамудың заңдылығы, жалпы материалдық және рухани мәдениеттің өмір сүруінің шарты. Әрбір халық мұраларының сабақтастығында оның тарихы, жаны бейнеленген, нақ сондықтан да, бұл жаңа ұрпақ үшін рухани және эмоционалдық тәжірибенің мәңгілік жанды қайнар көзі болып табылады. Өткен ұрпақтар жасаған құндылықтар туралы біздің түсініктеріміз ешуақытта сарқылмақ емес, өйткені әрбір келесі ұрпақ өткеннің туындыларынан бүгінгі күннің қажеттеріне сәйкес келетін жаңа құндылықтарды аша бермек. ХХІ ғасырдың табалдырығында тұрған қазақтың ұлттық мәдениеті үшін ғасырлар бойы жинақталған дәстүрлі үлгілерді сақтаумен қатар жаңа өркениеттілік құндылықтарын үйлесімді қабылдау келесі ірі өзекті міндетке жатады.

Түйін сөздер: құндылықтар, қазақ мәдениеті, мәдени мұра, сабақтастық, өркениет.

Anassova K.T.¹, Kurmanbayeva L.T.², Mazhen Y.K.³

¹Candidate of Philosophy sciences, Associated Professor, e-mail: anasova_76@mail.ru

²Candidate of Philosophy sciences, Associated Professor, e-mail: klt2302@mail.ru
Kazakh Academy of Transport and Communications named after M.Tynysbaev, Kazakhstan, Almaty

³PhD student of Religious Studies, Al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: Kenz-84@mail.ru

The continuity of traditions in the context of national culture

This article is devoted to the problem of continuity of traditions in the context of national culture, considered as a category, refracted through the prism of spiritual understanding. Spiritual heritage, which goes back to the past, includes the criteria of folk morality, practical recommendations of the organization of such a way of life, which is able to develop and contribute to the fact that each of its representatives by internal feelings, consciousness was focused in its activities on the preservation of sustainable rational foundations of national life. The problem of cultural heritage is becoming urgent today, especially issues such as what we should take from the world cultural heritage, how we should use the cultural values of historical and modern Kazakh society. Continuity is not only a priority of a certain sphere; it is a condition of existence of material and spiritual culture. The continuity of each national heritage reflects the history, the soul of the people, so it is an eternal source of spiritual and emotional experience for the

new generation. Values acquired by past generations will never lose relevance, because each generation opens up new aspects of historical values relevant to the modern world. Preservation of historical traditions along with the adoption of civilizational values is an urgent task for the Kazakh culture in the XXI century.

Key words: values, Kazakh culture, cultural heritage, continuity, civilization.

Анасова К.Т.¹, Курманбаева Л.Т.², Мажен Е.К.³

¹кандидат философских наук, доцент, e-mail: anasova_76@mail.ru

²кандидат философских наук, доцент, e-mail: klt2302@mail.ru

КазАТК имени М. Тынышпаева, Казахстан, г. Алматы

³PhD докторант 1 курса специальности «Религиоведение», Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: Kenz-84@mail.ru

Преемственность традиций в контексте национальной культуры

Данная статья посвящена проблеме преемственности традиций в контексте национальной культуры, рассматривающейся как категория, преломленная сквозь призму духовного миропонимания. Духовное наследие, уходящее в далекое прошлое, включает в себе критерии народной нравственности, морали, практические рекомендации организации такого образа жизни, который способен преемственно развивать и способствовать тому, чтобы каждый его представитель внутренними чувствами, сознанием был целенаправлен в своей деятельности на сохранение устойчивых рациональных основ народной жизни. Проблема культурного наследия сегодня приобретает актуальный характер, особенно такие вопросы, как: что мы должны изъять с мирового культурного наследия, как мы должны использовать культурные ценности исторического и современного казахстанского общества. Преемственность – это не только приоритет определенной сферы, она является условием существования материальной и духовной культуры. В преемственности каждого народного наследия отражена история, душа народа, поэтому она является вечным источником духовного и эмоционального опыта для нового поколения. Ценности, приобретенные прошлыми поколениями, никогда не потеряют актуальность, потому что каждое поколение открывает новые аспекты исторических ценностей, актуальные для современного мира. Сохранение исторических традиций наряду с принятием цивилизационных ценностей является актуальной задачей для казахской культуры в XXI веке.

Ключевые слова: ценности, казахская культура, культурное наследие, преемственность, цивилизация.

Кіріспе

Мәдени мұраға деген қатынас мәселесі бүгінгі күні мәдениет теориясында маңызды орын алып отыр. Өзгерістер жолымен одан әрі жүрген сайын мәдени мұраға біз қалай қарауымыз керек. Дүниежүзілік мәдениет қазынасынан біз *нені алуымыз керек*, алыс және жақын тарихи өткендегі және бүгінгі күні заманауи Қазақстан қоғамында жасалып жатқан мәдени құндылықтарды біз *қайтіп пайдалануымыз керек* дейтін мәселелер өзекті бола түсуде. Сабақтастық тек белгілі бір саланың артықшылығы емес, бұл – қандай да бір болмасын дамудың заңдылығы, жалпы материалдық және рухани мәдениеттің өмір сүруінің шарты. Тақырыптың өзектілігі әлемдік өркениет процесіндегі қазақ мәдениетінің құндылықтарын сақтау проблемасын халық мұраларының сабақтастығы арқылы талдау болып табылады. Ғылыми жаңалығы дәстүрлер сабақтастығының қазақ болмысының мәдени фибратынан алатын орны мәдениеттанулық сарында талқыланды.

Зерттеу жұмысының әдіснамасы

Зерттеудің теориялық негізін исламтану және мәдениет философиясында қолданыс тауып жүрген дәстүрлі әдіснамалық негіздер құрайды. Таңдалған тақырыптың мәнін ашуға бағытталған тарихилық пен логикалықтың бірлігі, салыстырмалы сараптау, құрылымдық-функционалдық, герменевтикалық, аксиологиялық және концептілік талдау әдістері де қолданылды.

Тақырыптың зерттелу деңгейі

Рухани мәдениеттің дамуындағы сабақтастық қоғамдық сананың әрбір формасының спецификасы мен өзіндік ерекшеліктерін есепке алуға негізделеді, ал ол өз кезегінде адамгершілік принциптеріне негізделеді. Адамгершілік – барлық қоғам өмірінің қажетті шарты, қалыпты адам тұлғасының аса маңызды қасиеттерінің бірі. Әрбір халық мұраларының сабақтастығында оның тарихы, жаны бейнеленген, нақ сондықтан да, бұл жаңа ұрпақ үшін ру-

хани және эмоционалдық тәжірибенің мәңгілік жанды қайнар көзі болып табылады. Өткен ұрпақтар жасаған құндылықтар туралы біздің түсініктеріміз ешуақытта саркылмақ емес, өйткені әрбір келесі ұрпақ өткеннің туындыларынан бүгінгі күннің қажеттеріне сәйкес келетін жаңа құндылықтарды аша бермек. Өзін қоршаған реальдылықтарды өзгешелеудің практикалық өзгерістері міндеттерін шеше отырып, адам өзінің өзгеруінің қажеттігін түсінетіндей жағдайға келеді. Дүниені жетілдіре, адамдардың арасындағы қарым-қатынастарды жақсарту туралы қамқорлықты таныта отырып, ол сонымен бірге өзін де, өзінің рухани, адамгершілік, физикалық бейнесін де жетілдіреді. Шынында да, егер оның өзі жетілмеген болса, адам үшін кіршіксіз өмірдің болуы мүмкін бе? Өзін-өзі тәрбиелеу – адамды өзін тани бастағаннан және өзіне «Мен осы дүниеде кіммін?» деп сұрақ қойып ойлағаннан бері келе жатқан көне де мәңгілік жаңа тақырып. ХҮІІ ғ. Блез Паскаль (Сопног, 2006: 70) айтқандай ойлайтын құрақ па, Поль Валеридің сөзімен айтқанда құдайлармен күш салыстыруға ұмтылған алып па? (Valery, 2015: 510).

Өзін-өзі жетілдіруге ұмтылудың өзіндік тамырлары – тарихтың терең қайнауларында жатыр. Өзін-өзі тәрбиелеу моральмен тығыз астасып жатыр, моральдың мәні – жалғыздікті мәселе емес, бұл өте күрделі ғылыми мәселердің бірі болғандықтан кезінде И. Кант та назар аударған еді. Өзінің негізгі этикалық шығармасы «Таза ақылды сынауды» аяқтай келе, ол: «Олар туралы жиі де ұзақ толғанған сайын, әрқашанда жаңа және одан сайын таңқалдырып таңдандыра түсетін әрі қастерлі, адамның жанын шаттыққа толтырып нұрландыратын екі нәрсе бар, олар – көктегі жұлдызды аспан мен менің жан сарайымдағы моральдық заңдар» (Кант, 2007: 155). Бұл келтірілген сөздер жиі тілге тиек етіледі, бірақ авторлар соңғы екі ғасырда жұлдызды аспанның құпияларын ашуда ғылымның көп алға кеткенін айтады, алайда моральдың мәнін ашудағы оның табыстарының мардымды болмай отырғанын ескертуді ұмытып кетіп отырады.

Негізгі бөлім

Қазақ халқының жалпы этникалық өзіне тән ерекшеліктері, тілдік және мәдени қауымдастықтың ортақ белгілерінен, атап айтқанда, дәстүрлі тұрмыстық мәдениеттің әртүрлі элементтерінен байқалады. Қазақ этносына

материалдық және рухани мәдениеттің негізгі элементтерінің тұрмыстық, әдет-ғұрыптар мен дәстүрлердің өндіріс процесі элементтерінің ортақтығы тән. Басқа да көшпенді халықтар сияқты, қазақ этносына да ақпараттарды ұрпақтан ұрпаққа беру дәстүрі тән. Сансыз көп аңыз, ертегі, эпсана, эпос, шежіре және т.б. түріндегі эпикалық жанрлардың айрықша рөл атқаратыны сондықтан. Қазақ этносы мәдениетінің өзіне тән белгілерінің бірі отбасылық туысқандық ұйымдасу деңгейіндегі экзогамия болып табылады, яғни жақын туысқандардың арасындағы некелік байланыстарға инцест – қан араластыруға қатаң тыйым салынады. Қазақ этносының басқа этностардан тағы бір айырмашылықтарының бірі, күрделі және көптармақты ішкі этникалық құрылымы. Ол қазақтардың бүкіл өн бойынан өтіп, бүкіл әлеуметтік организмді қамтиды. Әрбір тайпа иерархиялы – сатылы ұйымдасқан көптеген топтарға және онан да ұсақ бөлімдері мен тармақтарына бөлініп, өзара байланысты қоғамдық қатынастардың күрделі жүйесін құрайды.

Дәстүрлерді сақтау мен берудің сондай аса маңызды институттарының бірі ру болды. Рулық ұжым жалпылама алғанда ортақ әдет-ғұрыптардың сақталуын қамтамасыз етіп, барлық ру мүшелерінің қоғамдық және жеке мүдделерін ұштастырды. Өзінің рулық шежіресін білу, тайпасының тарихын білу, жеті атаға дейін ата-бабаларын білу әрбір қазақтың міндетті шарты болды, мұның өзі оның рулық тегін ұғынуға, ұрпақтан ұрпаққа өз халқының салт-дәстүрлерін сақтауға және беруге мүмкіндік берді. Халықтың арасында «Жеті атасын білмеген ұл жетесіз, жеті атасын білген ер – жеті елдің қамын жер» деген қанатты сөздер бүкіл халықтың бірлігін сақтауға деген ұмтылысты және шежірелік дүниетанымды білдіреді (Шаханова, 1984: 53). Күнделікті өмірде белгілі бір рудың, тайпаның адамы болушылық, әсіресе, әңгіме үстіндегі сұхбатта индивидтің әлеуметтік статусын, оның қоғамдағы орнын белгіледі және адамның басқа адамдармен қарым-қатынасын бүге-шегесіне дейін реттеп, көзқарастар, қарым-қатынастар жүйесін орнықтырды.

Өткеннің мұраларын, ата-бабалардың этникалық және психологиялық тәжірибелерін қабылдап және игере отырып, адамдардың әрбір жаңа ұрпағы оған өзі тарапынан қосымшалар қосады, жаңа рең береді, уақыт рухына және әрбір мәдени-тарихи дәуірге сәйкес келетін жаңалықтар енгізеді. Қазақтардың тарихи тағ-

дырында олардың көрші халықтармен өзара қарым-қатынастары, Орта және Орталық Азияның, Батыс Сібірдің және Шығыс Еуропаның отырықшы егінші халықтарымен де, сондай-ақ көшпенді халықтармен этномәдени байланыстары маңызды рөл атқарды.

Қазақтың ұлттық идеяға негізделген төлтума мәдениетін қалпына келтіру үшін, ең алдымен оның дүниетанымдық негізін қалап алу керек. Бұл туралы белгілі философ М.С. Орынбеков былайша ой түйіндейді: «Бүгінгі күні қазақтың өзіндік санасының ішкі логикасын табу өзекті мәселеге айналды. Ал, негізгі мәселелердің қойылуы мен оған деген танымдық жолдарды іздестірудің және сана мәселелерін шешудің алдын алар еді. Бұл ізденіс нақты өмірде Батыс пен Шығыстың, дәстүршілдік пен қазіргі заман ағымының, мұра мен жаңашылдықтардың, жан дүние мен ақылдың, дін мен өмірдің, сенім мен атеизмнің арасындағы қайшылықтардың аясында өтіп жатыр. Ал, таным саласында бұл мәселе сенім мен білімнің, ой мен қимылдың, руханилық пен ақыл-парасаттылықтың, даналық пен құдіреттіліктің, адамның діни еркімен өзіндік еркі арасындағы қайшылықтардан көрінеді» (Касабек, 1996: 5-6).

Адам дамуының маңызды да жауапты сәті оның рухани өсуі болып есептеледі, мұнда жетекші, синтетикалы және интегралды нәтиже ретінде адамгершілік мәдениеті көрінеді. Кез келген мемлекет мәдениет дамуының деңгейі адамгершілік категорияларымен және оның мүшелерінің сапалық сипаттамаларымен айқындалады. Адамгершілік мәдениет, қоғамның моральдық құндылықтарды игеру деңгейімен де, сондай-ақ, адамның осы құндылықтарды жасауға қатысуымен де сипатталады. Белгілі француз ғалымы К. Леви-Строс мәдениеттің қоғам өмірінің нормаларымен ажырағысыз байланысы фактісін былайша білдіреді: «Мәдениет ережелерден басталады» (Levi-strauss, 1974: 410). Мәдениетте барлығы да адамгершілік категориялары арқылы және оның негізгісі мораль болып табылатын қағидалармен айқындалады. Ол өмірдің әртүрлі сфераларындағы адамдардың тіршілігін: тұрмыста, отбасында, жұмыста, ғылымда, саясатта және т.б. реттейді.

Біздің күнделікті өмірімізде, біздің санамызда «мораль» және «адамгершілік» терминдері синоним ретінде өте жиі қолданылады. Мұнда құқтан да, сондай-ақ әлеуметтік психологиядан да өзгеше және мінез-құлықты реттеудің құндылықты нормативті типінен де айрықша жағдайда ғана бұл өзін ақтайды және дұрыс болып

табылады. Гегельше айтқанда, «шын моральдық сана дегеніміз, адал іс атқарған сана...», ал адам, осы адал істердің жиынтығынан басқа ештеңе емес (Hegel, 2011: 412). Кіршіксіз жағдайда, адам қоғамның жалпылама қабылданған нормалары мен принциптерін меңгере отырып, оларды адамгершілік сапалар мен сенімге айналдырады, өздерінің мәдени мұқтаждықтарын реттеуге қабілетті болады. Ауытқушылық пайда болған жағдайда істеп жатқан іс-әрекетінің қасақаналылығы туралы ойлауға тура келеді. Тұлғаның құндылықтар әлемінің қалыптасуы, тек адамгершілік категорияларды игерумен сарқылмайтындығы өзінен-өзі түсінікті. Оған саяси, экономикалық және құқықтық, эстетикалық құндылықтар кіреді және олар тұтасынан алғанда тұлғаның дүниені ұғынуы мен әлемді түйсінуін құрап, оның жеке адамгершілік санасынан көрініс береді.

«Өлтірме», «ұрлама», «зинақорлық жасама» деген сияқты «Інжілде» де «Құранда» да жазылған адамгершілік мәдениеті туралы көпшілікке белгілі әмбебап жалпыадамзаттық ұғымдар бар. «Не нәрсенің жақсы, ненің жамандығы» туралы тарихтан белгілі топтық түсініктер де бар. Әрбір жеке жағдайда адамдардың арасындағы қатынастар практикасы қайырымдылық немесе зұлымдық, текшілік және әділдік ретінде қабылданады. Тұлғаның сегіз қырлы бір сырлы болып дамуы материалдық және рухани игіліктерді тұтынусыз мүмкін емес.

Дәстүрлі тәрбиенің негізгі факторлары сөз, іс, сұхбаттасу, әдет-ғұрып, дәстүрлер болып табылады. Қазақ халқының рухани мәдениетін ең бірінші кезекте тіл, ауызша поэтикалық, дәстүрлі музыкалық шығармашылық, халықтық білімдер құрайды. Рухани мәдениеттің негізінде халықтық мерекелер мен ойындар, дін, дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, өнер және т.б. жатыр. Әрбір халықтың тілі оның тарихын, өмірін, тұрмысы мен мәдениетін білдіреді. Тіл – мәдени болмыстың формасы. Ол тек дыбыс пен белгінің қарапайым үйлесімі ғана емес, сондай-ақ, бұл ең бастысы, мәдени сабақтастықтың құралы болып табылады. Бүкіл өмірінің өн бойында Абай көркемдік шығармашылық құралдарымен өзінің мәдениеттанушылық идеяларын халықты адамгершілік жағынан тәрбиелеуге жұмсады. Сондықтан өзінің шығармаларында ол ана тілінің рөлі мен маңызы, поэзиясы, ауызша халық шығармашылығы туралы көп айтты. «Басқа тіл мен мәдениетті білу адамды сол халықпен теңестіреді; ол өзін еркін сезінеді, ал егер ол халықтың ниеті мен күресі жүрегіне жа-

зып жатса, ол бұған жайбарақат қарай алмайды» (Абай, 2011: 255).

Халықтық әдеп – ұрпақ тәрбиесінің өзекті арқауы. Өмірдің өркениетті дамуы дәстүрлердің толысып, не жаңаланып отыруына себепші болады. Мысалы, қыз ұзату, үйлену тойлары толысып, жаңарды да, ал «әменгерлік», «атастыру» салты бірге-бірге өмірге қолданылудан қалды. Мұхтар Әуезовтің «Ел болу үшін, бесігінді түзе» (Әуезов, 2011: 358), – деген сөзіне ой салсақ, ол – тәрбие ұрпақты дүниеге келтіруден басталады; сол тәрбиенің дәстүрлік салт-саналық бастаулары мен бағдарларын жан-жақты пайдаланып, даналықпен дамыта білу керек деген өсиеттің мәнін ұғамыз.

Қазақтар көне замандардан отбасында баланың, әсіресе ер баланың дүниеге келгеніне айрықша маңыз беріп, бұл оқиға мерекелік сипат алды, отбасылық салтанаттың шеңберінен шығып қоғамдық мәнге ие болды. Осы оқиғаға арналған салтанат шілдехана деп аталып, баланы бесікке салу – «бесік той» рәсімі өткізілді, туғанына қырық күн толғанда «қырқынан шығару» үрдісі жасалып, бала үш жастан – он жас аралығына дейін мұсылмандыққа қабылдау – сүндетке отырғызылды. Қазақтың халықтық дәстүріне сәйкес, отбасындағы ең кенже ұл «үлкен үйге» еге болып, ата-аналарымен бірге тұрды, қалған үлкен бауырлары «бөлек шығып» өз алдына отау құрды.

Қазақтың дәстүрлі мәдениетінде ерекше орын алатын бата, тілек тілеу дәстүрі, дастарқан басына берілетін батаны көбінесе «ас қайыру» деп те атайды. Бата – адам баласына жақсылық ойлау, ол жастарды бірлікке, әділеттілікке, адамгершілікке тәрбиелейді. Ас ішіліп болған соң, дастарқан басындағы ең үлкен кісі: «дастарқан байлығын берсін, денсаулығын берсін, Алла бере бер – береке бер, аман сақта, абырой бер», – дейді.

Ғұрыптар мен дәстүрлер сыртқы ортаның, халықтың тіршілік қызметінің, тарихи және әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің әсерінен көптеген өзгерістер мен қосымша енгізулерге ұшырады. Соған қарамастан, олар, жалпыадамзаттық мәдениеттің қорын толтыра отырып, этномәдениеттің тәрбие сабақтастығының негізгі қосындысы болып қала береді. Қазақтардың рухани этномәдениетін, басқалардан бөлек мерекелер құрайды. Ұлттық ойындар мен сауықтар барлық уақытта қоғамдық функциялар атқарды: тәрбиелік, әскери-спорттық, рәсімдік, ойын-сауықтық-эстетикалық, коммуникативтік және т.б. Ойындар

– мәдениеттің феномені ретінде мәдени іс-әрекеттің, қызметтің спецификалық түрі: мұнда адам табиғи тәуелділіктен еркін және қандай да бір болмасын еріксіз күш қолдануы жоқ, жасампаз субъект ретінде көрінуге қабілетті (Сейдімбек, 1977: 464). Ойынды еркін шығармашылық ретінде түсіне отырып, Шиллер оған эстетикалық іс-әрекетті балады (Schiller, 2018: 400). Ал белгілі голланд мәдениеттанушысы Й. Хейзинга ойыннан адам мәнінің неғұрлым елеулі көріністерін байқай білді. Ойын, қызық көру мен дағдылар арқылы жас адамда денелік және ақыл-ой алғырлықтары қалыптасты, яғни өмірде қажет және талап етілетін нәрсенің барлығына ол ойын арқылы үйренді (Huizinga, 2014: 234).

Қазақ халқы рухани мұраларға қоса материалдық қазыналарға да аса бай халық. Қазақтардың материалдық өндірісінің барлық жетістіктері этникалық мәдениет дамуының қажетті дінгеі болып табылатын көп ғасырлық еңбектің нәтижесі. Еңбек және қоршаған ортаны қабылдау нәзіктігі көшпенді өркениетке тән материалдық құндылықтарда шеберлікпен берілген: киіз үй, тұрғын үй, көктастар, әсемдік заттары, киім кешек, тұтыну өнімдері, еңбек құралдары, халықтың қол өнері бұйымдары және т.б.

Біздің уақыттың аса маңызды реалдылықтарының бірі сонда, өркениеттің тарихы, бұрынғы уақыттарға қарағанда адамға, оның дүниетанымына, өмір салтына, оның мінез-құлқы қағидаларының бүкіл жиынтығына байланысты болып отыр. Тәрбие мәселесіне қатысты жаңа әдістеме идеялармен, тәрбие философиясының әртүрлі бағыттарының өкілдері арасындағы кеңінен пікір алысулармен алмасу процесінде ғана жасалуы мүмкін. Бұл жинақтай келгенде ортақ іске пайдасын тигізетін «ақиқаттың түйіршіктерін» айқындауға мүмкіндік береді. Мәдени мұраны сақтау мен келесі ұрпаққа беру әрқашанда білім беру мен тәрбиенің басты мақсаты болып табылады. Оқытудың мазмұны өткен мен болашақтың арасында көпір орнатындай болуы тиіс. Ол, бір жағынан мәдениеттің жадымен, екінші жағынан қоғам алдына қойып отырған мақсаттармен айқындалады. Осы тұрғыдан алып қарағанда адам жады мен мәдениетінің арасындағы өзгерістер қазіргі дәуірдің маңызды ерекшелігі болып табылады.

Дәстүрлі түркілік дүниетанымда рухтың кемелдігін метафизикалық тұрғыдан емес, физикалық символдармен анықтаған, яғни рухтың тәннің ұлғаюына байланысты кемелденетіндігіне сенеді. Мысалы, тек кемел шаққа жет-

кен қарттар ғана ағаш бұтақтарында ұшып жүретін рухтарды көре алады деп сенетін болған. Сондықтан да үлкен қария қауымда сыйға, құрметке лайық болған. Рухани кемелдік адамның жасымен өлшенген.

Дәстүрлі түркілік дүниетанымдағы мемлекеттілік философиясының ең басты тұғыры – билік институты. Билік басында қаған (хан) болады. «Қаған» («хан» – сөзі сақа тілінде «хахха-аан» – «қорған» мағынасына келеді) «халық пен Тәңір арасын байланыстырушы көпір, өткел» мағынасын беретін көне түрік сөзі. Ежелгі көшпелілер үшін ең ұлы көсем – қаған, ол ел мен Тәңірі, ел мен қоршаған әлем арасын байланыстыратын көпір ретінде саналған. Қаған Тәңірдің құты арқылы ұлысты, яғни Тәңірдің аманатын басқару құқына лайық бола алады. Бұл түсінікті кейіннен әл-Фараби исламдық дүниетаным негізінде жаңғыртып, өзінің «философ-қаған» концепциясының іргетасын қалайды. Бұл концепция бойынша қаған-философ болу, Тәңірдің нұры – «белсенді санамен (ал-фа'ал ал-'ақл) құттанғанда ғана мүмкін болады (Fakhru, 2002: 208). Әл-Фарабидың осы концепциясы кейіннен Жүсіп Баласағұндың «Құтадғу-біліг» атты еңбегінде жаңғырып көрініс берген болатын (Баласағұн, 2007: 536). Жалпы «қаған-философ» қандай кісілік болуы керектігі мәселесі әл-Фарабиды тереңінен толғандыруы кездейсоқ емес. Өйткені дәстүрлі түркілік дүниетанымда болсын, жалпы Шығыста болсын ғарыштық үйлесімділіктің сақталуы мен баяндылығын жүйе-низам емес, тікелей адамның кісілігі анықтайды. Өйткені дәстүрлі түркілік дүниетаным бойынша әрбір адам өз орнына лайық болуы тиіс.

«Күлтегін» және «Білге Қаған» жазуларында Тәңір тарапынан тағайындалған қаған – бүкіл адамзаттың (кісі ұлының) билеушісі. Түркі мемлекеттілік иерархиясы бойынша қаған – ең жоғары атақ. Бұл тақ пен атаққа лайық болу оңай болмаған. Сонымен қатар сайланған қаған Тәңірі тарапынан құт, жарлық, үлгі сияқты берілген қасиеттерді сақтауға міндетті. Жақсы қаған елін қорғап, елінің төресін, яғни жарғы-зандарын (конституциясын) реттеп, оны халыққа, келешек ұрпаққа насихаттауы тиіс. Қағанның міндеті – халықтың қарнын тоқ, киімін көк, бай қылу. Сондықтан Білге қаған «Шығандаған халықты бай қылдым, Жалаңаш халықты тонды қылдым» – дейді (Келімбетов 1998: 278). Түрік қағандары жасаған істерін келешек ұрпаққа білдіруді мақсат еткен. Сондықтан да түрік қағандары кейінгі ұрпаққа деген өсиеттерін тасқа ойып

аманат етіп қалдырған. Қағанның қателігі немесе адасуы оны сайлаған халық көсемдері тарапынан анықталған жағдайда қағандықтан алынатын болған. Құтлық Шадтың осындай жаңа бастамасын Тоныкөк «қайта тірілу» немесе ренессанс деп қарайды. Өйткені бұл – жаңа қаған, жаңа жүйе, жаңарған ел деген сөз. Сонымен түркілік дүниетанымда қаған сайлау ұлыстың өз тағдырын таңдаумен тең. Сонымен қатар түріктер хандарын сайлау үшін әрбір рудан біреп оқ әкелген жүз кісі арасынан ең асылдарын таңдап, сол жүз оқтың ішінен бірін таңдап атып, оқ қай руға тән болса, сол рудың көсемі хан сайланатындығы туралы мәлімет бар. Өйткені оқ сөзінен шыққан «оқы» етістігі оқу, үйрену, білу дегенді білдіргеніндей, оқтар да оқылатын «тағдыр» еді. Махмұт Қашқари да оқтың бір нәрсені тағдырына, несібесіне қарай үйлестіру үшін қолданатындығын атап өтеді (Кашғари, 2005: 355).

Дәстүрлі түркілік дүниетанымда мемлекеттің (елдің) негізі – төре, жарғы-заң төренің негізі – халықтық мәдениет, салт-сана, ал мәдениеттің негізі – Тәңірлік сеніммен бекітілген (ділдік, тілдік) құндылықтар жүйесі. Ел (мемлекет) – осы жанды процестерді реттеп, сақтап отыратын жоғары күш болып табылады. Міне, бүгінгі күннің тұрғысынан қарайтын болсақ, төреміз – конституциямызды ұлттық мәдени дүниетанымдық негізде жасаудың, мәдени құндылықтарымызды жаңғыртудың, рухани негізімізге оралудың кешенді, ғылыми және философиялық модельдерін қарастырудағы дәстүрлі түркілік дүниетанымды зерттеудің маңызы ерекше.

XIV ғасырдағы атақты араб тарихшы-социологы Ибн Халдун өзінің «Мукаддима» атты еңбегінде дала мәдениетінің қала мәдениетінсіз, яғни көшпелінің егіншілік, қол өнерсіз күн көре алмайтындығын, көшпелілердің мемлекет құрып, қаланы өздеріне қаратпайынша қалаға деген мұқтаждықтан ешқашан құтыла алмайтындығын айтады. Әрі қарай «қала мен дала мәдениеттері өзара келісім жасап, қала далаға өндіріс, жабдық құрал берсе, далалықтар, яғни, көшпелілер қаланы сыртқы дұшпан шабуылынан қорғап отыру арқылы ынтымақтастық құра алады,» – дейді. Көшпелі мәдениет пен тұрмысты жалғастыру оны сыртқы дұшпаннан қорғай алатын ру немесе тайпа болған жағдайда ғана мүмкін болатын нәрсе. Ру – қандастық пен туыстыққа негізделген қауымға берілген анықтама. Ру – «ұрық», «ұрпақ», «тұқым» және т.б. мағыналарда қолданылған (Khalidun 2015). Әрбір адам тек рулық қауымдастық ішінде ғана

өзін күшті сезінетін. Өйткені оны руы қолдап, жебеп отырады. Рудан айырылу немесе қуылу тірідей өлумен тең болатын. Ұранның негізгі қызметі ру арасындағы бірлікті нығайту, ортақ мақсат үшін болған шайқастарда ру мүшелерінің батылдық-жүректілік сезімін күшейту болып табылады. Ұран – рудың текті, намысты, даңқты тарихын білдіретін, қуат беретін дәстүрлерінің символы болып табылады. Ұран тасталғанда рулас-қандастар бар ісін тастап, көмекке жетулері керек. Бұл – жанпидалық емес, рулас-қандастықтың негізгі ұстанымы. Ұран руластарды топтастыру үшін де шақырылады. Қандай да бір ру мүшесі ауру, сырқау болса да ұран тасталған жерге барады. Өйткені ұран – қандастық пен туыстықты және ру намысын нығайтатын күш. Әрбір рудың, тайпаның өзіне тән ұраны болатыны сияқты, қазақтардың жалпы ортақ ұраны бар. Бұл ұран «ұлы атаның» атымен аталады. Қазақтардың ортақ ұраны түп аталары Алаш атымен келеді. Сонымен қатар әрбір рудың өзіне тән «таңбасы» мен «ені» бар. Таңба жылқыға, мазар, құлпытас, обаларға, жайлаудағы қой тастарға басылып ойылады. Бұл – мемлекеттік шекараны анықтаушы символдар. Ен ұсақ мал мен ірі қараға салынады. Бұлар ортақ меншік пен қандастық дәстүрін анықтаушы белгілер болып табылады. Көшпелінің артында қорғайтын руласы болса, оған ешкім қиянат етуге бата алмас. Ал руы бөлек көшпелілер арасында туыстық, жақындық болмағандықтан, соғыс алаңында бір-біріне жаны ашымайды, көмек көрсетпейді, өзара сенім болмайды, қорқып, бытырап, әркім өз басын құтқаруға тырысады, ақыры соңында соғыс алаңын тастап қашады. Сондықтан да русыз көшпелінің көшпелі мәдениетте орны жоқ. Руы бөтен адам елі жоқ деп есептеліп, басқа рулар тарапынан тәрк етіледі. Көшпелі мәдениет – соғыс өнеріне негізделген соғыс мәдениеті деген сөз. Ол жерде тек қандас, туыс, руластар, яғни, ұялас бөрілер ғана жеңімпаз бола алады. Руластық, туысқандық байланыс адам бойында табиғи түрде, жаратылыстан бастау алады. Руластардың бірі қиянатқа ұшыраса, басқалары оған жақындық, туыстық борышын өтеу үшін көмекке келуі табиғи нәрсе болған. Араларындағы туыстық байланыс қаншалықты жақын болса, яғни туысқандығы мінсіз болса, өзара көмек, қолдау да соншалықты күшті болады. Өзара көмек, бір-бірін қолдау, қорғау ұстанымының, рулық қағидалар мен шежіренің маңдала-қырларда тереңдеп сақталуына олардың тіршілік-тұрмыстары мен ата-мекендерінің катал геоэкономикалық жағдайынан туындаған

қажеттілік және көшпелі мәдениет құндылықтары мәжбүр еткен. Осы мәдениет негізінде дүниеге келгендіктен адамның тәрбиесін, мінезін, ділі мен дүниетанымын олардың ата салты, өмір сүру ортасы мен көшпелі мәдениеті сомдайды.

Дәстүрлі түркілік дүниетанымдағы ең басты мәселе сөз жоқ, адам мәселесі болып табылады. Сондықтан бүгінгі күні дәстүрлі қоғам адамы жайлы сөз етіп отырғанымыздың ең маңызды себептерінің бірі, егеменді еліміздің адамзат тарихындағы сүбелі орнын анықтап, тану және басқаларға таныту. Сонымен қатар, ғасырлар бойы тарихтың енжар бөлшектері күйін кешіп, қорланған, номад ретінде төмендетілген көшпелі мәдениет қазір өзінің адамзат тарихындағы орны мен белсенділігін мойындатып отырғаны мәлім. Сондықтан көшпелі мәдениет бүгінгі жалпы адамзаттық өркениеттің жарқын болашағы үшін үміт көзі болып отыр. Бұл жердегі үміт көзі дегендегі ойымыз бүгінгі ар, намыс, имандылық, адамгершілік, рухани еркіндік, өлім, өмір, ақиқат, құт, тағдыр, махаббат, ерік-жігер сияқты универсалдық категориялар мен тұрақты ұстындарды мазмұндық тұрғыдан жаңғыртуда дәстүрлі түркілік дүниетанымның маңызы мен өзектілігінен туып отыр. Дәстүрлі түркілік қоғам адамы сол қоғамды ұйытқыдай біріктіріп тұратын құндылықтар жүйесінің тұғыры – төл мәдениетке ие. Басқаша айтар болсақ, дәстүрлі түркілік қоғамның адамы мәдениетті қалыптастырушы дін мен дүниетанымдық ұстындар негізінде қаланған құндылықтар жүйесі ішінде ғарыштағы өзінің бақытты, құтты орнын анықтайды. Ол өзінің төл мәдениеті негізінде «Мен» дей алады. Осы «Мен» болмаса біз бүгін дәстүрлі түркілік дүниетанымдағы адам мәселесі туралы сөз етпеген болар едік.

Алғашқыда, дәстүрлі қоғам адамының Тәңірдің алдында моральдық әрекеттерге қарағанда культтік әрекеттері басым болатын. Дегенмен, уақыт өте келе діни нормаларға негізделген моральдық түсініктер мен этика ұғымдары қалыптасқан. Бұл түсініктер мен ұғымдар тікелей өзін қоршаған ортасынан алынған дала өркениетінің моральдық құқықтық жүйесі, салт-дәстүрі мен төре-әдеттерінде жалпы дүниетанымында нақышталған.

Жаратылыс аңыздарының барлығында дерлік топырақты әкелу үшін «суға сүңгу» құбылысы түркілік дүниетанымда өте кең тараған. Орхон-Енесай жазбалары көк пен жердің, адамның жаратылуын былай суреттейді: «Жоғарыда Көк Тәңірі, Төменде Йағыз Жер жаратылғанда, екеуі арасында «кісі ұлы» – адам-

зат жаратылды» (Келімбетов, 1998: 164). Бұл мәлімет дәстүрлі түркілік дүниетанымының, философия тарихының ең маңызды құндылығы. Дәстүрлі түркілік дүниетанымда адамның ағаштан жаратылғаны туралы көптеген мифтер бар. Ұйғыр аңыздарында ханның ағаштан жаратылғандығы, Қорқыт Ата кітабында Басат батырдың ағаштың атасы екендігі, Оғыз жырларында қыпшақтардың ағаштан жаратылғандығы туралы мәліметтер кездеседі. О. Сүлейменов Түріктердің Күннен жаралғандығын айтады. Алтайлықтардың түсінігінде адам жер асты дүниесінен келген сүйектерден жаратылған. Сүйектен тіріліп, қайта жарату құбылысы Құранда да кездеседі. Сонымен дәстүрлі түркілік дүниетанымда адам судан, көк пен жерден (топырақ), ағаштан, сүйектен, күннен жаратылған болып шығады. Осылардың ішінде адамның судан жаратылуы түрік мифологияларында көбірек кездеседі. Су – жаратылыстың, өмірдің, сонымен қатар өлімнің символы. Қорқыт ата аңыздарындағы «Су аяғы – Қорқыт» түсінігі өлімді білдіреді. Түркі мифологиясында жаратылыстың негізі деп суды көрсетіп отыр. Түркілік космогонияның ең толық көрінісін алтайлықтардан кездестіреміз. Алтайлықтар мифологиясы бойынша, әлемде еш нәрсе жоқ кезде тек қана Тәңір (Қарахан) мен су бар еді. Қарахан формасыз, белгісіз күшке ие, ол хаос хәліндегі судан алғашқы адамды жаратты. Осы құбылыс Шумер космогониясымен мазмұндық жағынан төркіндес. Шумер мифологиясында да бастапқыда ең ескі ұлы теңіз болған. Осы ескі теңізде әлем, дүние жазығы, үсті күмбезделген жер мен көк бір-біріне бірігіп, тұтас болатын. Көк пен Жердің айырылуынан кейін өсімдіктер, жануарлар мен адамдар пайда болған. Келтірілген мысалдардан, дәстүрлі түркілік дүниетанымның космогониясы мен өмірдің көзі су деп білетін Фалестің космогониясы, сондай-ақ Қасиетті Құрандағы бүкіл нәрсенің тіршілік көзін судан жараттық деген аят арасындағы байланысты көруімізге болады.

Нәтижелері және талқылау

Соңғы ғасырлардағы этнограф-зерттеушілер түріктердің дүниетанымында жанның бұл дүниеде адам тәніне кірмей тұрып, құс бейнесінде көк әлемінде мекен еткендігі туралы сенімнің болғандығын айтады. Орхон ескерткіштерінде Білге қаған мен Күлтегін жайында «ұшты» сөзі қолданылған. Көне түріктер қағандар мен бектер өлген кезде

олардың жандарының құс болып көкке ұшып Тәңірі қасына кететініне сенген. Сондықтан «ұшу-ұшпақ», «жұмақ» ұғымы Исламға кірген түріктерде әлі күнге дейін «жәннәт» ұғымының орнына қолданылады. Махмұт Қашқари «ұшпақ-ұшу», яғни «жұмақ» терминінің жәннетке кіру мағынасында қолданылатындығын айтады. Жалпы осы мәліметтерге қарағанда «рух» түсінігінің адамзатпен бірге жасап келе жатқан құбылыс екендігіне көз жеткізуге болады. Адамдар арасында алдымен өлім, түс және т.с.с. құбылыстармен басталған рух түсінігі танымдық кемелденумен бірге дамып, нәтижеде философиялық теориялардың шығуына әкеліп соқты. Осы ұғымның барлық тілдерде болуы рух туралы түсініктің ең нақты дәлелі болып табылады. Дәстүрлі қоғамдағы адамдар рух болмысының бар екендігін сезініп, оны «дем алумен» бір санаған. Сондықтан да барлық тілдерде рухқа берілген есім этимологиялық тұрғыдан «ауа, жел, дем» мағыналарымен байланысты. Ескі түріктерде «жан» немесе «рух» ұғымдары «тын», «тин», «тыныс», «дем алу» ұғымымен берілген (Келімбетов, 1998: 247).

Дәстүрлі дүниетаным адамының рух, өлім, өмірдің мәні және т.б. мәселелер туралы толғанғаны анық. Әсіресе, рухтың мәні, табиғаты, мекені, қайдан келіп, қайда кететіндігі мәселесі дәстүрлі қоғам адамына ой салып, көп мазалаған болса керек. Мысалы, түрік мифологияларында рухтың мекенін сүйекте, жүректе немесе қанда деп санап, рухты абстрактілі метафизикалық әлемге жатқызумен қатар оны тұрмыста тәннен тәуелсіз, «жеу, ішу» сияқты тәнге қатысты қажеттіліктері бар болмыс деп қараған. Сонымен қатар рух дем алудың ішіндегі нәрсе емес, керісінше демнің өзі. Рухты өзі орналасқан ағамен бір деп санаған. Қазақтардағы «қай жерің ауырса жаның сол жерде» деген түсінік осының айғағы болса керек. Кей түсінікте рух әлемі жер астында болса, кейбір аңыздарда бұлттың арғы жағында. Рух әлемінде (жер астында, көкте) өлгеннен кейінгі рухтардың тағдыры әртүрлі. Адамның өмір салты мен тағдыры бірдей болғанымен, тіршілікте құрметке ие болған жандардың әруағына о әлемде де ерекшелік танылатын болған.

Сонымен қатар, дәстүрлі түркілік дүниетанымда адамның рухы адамдық тәннің негізі болып есептелетін сүйекте орналасқан деген түсініктер де бар. М. Элиаданың зерттеулеріне қарағанда Солтүстік Евразия халықтарында «сүйек – рухтың ұясы» ретінде танылады. Негізінен, аңшылықпен шұғылданатын

халықтардың дүниетанымында сүйекадамзаттың болсын, жануарлардың болсын, алғашқы шыққан тегі сияқты. Сүйек ұрпақтар арасындағы генетикалық байланысты да білдіреді, яғни сүйек – «тек-жауһар» – субстанция деген сөз. Қоғамдық өмірде, мәдениет тіршілігінде сүйек үйлену, өлімді жерлеу рәсімдерінде өте маңызды рөл атқарады. Сүйектің негізгі қызметі – өмірдің жалғасуының, тектің тіршілігінің, халықтың өміршеңдігінің айнасы, қоғамдық бірліктің кепілі болғандығы еді. Қазақ халқының тұрмыстық салт-санасында әлі күнге сүйектің ерекше орны бар. Сүйек шаңыраққа келген адамның (қонақтың) сол шаңыраққа жақынтудыстық дәрежесін де анықтайды. Бірлік пен ынтымақтың нышаны ретінде бас, жамбас, жақ, төс, құйымшақ, тоқпан, ортан, асық жілік сүйектерінің функционалдық-семантикалық мағыналары бар. Мысалы, қазақ мәдениетінде сүйектердің ішінде жамбас пен төс сүйегі жекжаттық, туыстық одақтың нышаны болса, асық жілік ру аралық бітімнің, ант ішіп, саяси одақ құрудың құралы болған. Сүйектердің ішінде төс – тек, негіз, құтты білдіретін негізгі ұғым. Мысалы, Қашқаридың «Диуани лұғат ит-Түрк» атты еңбегінде төс сөзі түп негіз, тек, жауһар (субстанция) мағынасында қолданылады.

Қорытынды

Тәуелсіздікке қол жеткізген қазақ тарихын, қазақ мәдениетін қалпына келтіру және түсіну, өз кезегінде дәстүрлі дүниетанымды құрайтын қандай да бір болмасын элементтерді ұғыну дәстүрлі қазақ мәдениет үлгісі негізіндегі *тәрбие сабақтастығы* пайымдауларын талдау арқылы орындалады. Әлемдегі жаһандану үрдістерінің белең алған жағдайындағы қазақ мәдениеті мен өркениеттілігінің бірегейленуі, ұлттық мәдени мұраны жаңғырту, әлемдік өркениет құндылықтарын ұлттық мәдениет бітімдерімен үйлесімді қосу сияқты жаңа парадигмалардың ізгілік ұлттық болмыстың рухани құндылықтар жүйесі ретінде қалыптасуы дәстүрлер сабақтастығы арқылы ғана жүзеге асады.

Адам өмірде кездескен әртүрлі оқиғаларға түсініктеме беруге, қоршаған ортасындағы құбылыстарды жорамалдай отырып ұғынуға ты-

рысатын болмыс. Әлемдегі бүкіл құбылыстар мен оқиғаларды түсіндіре алатын рационалды жүйеге қол жеткізу – адамның негізгі қасиеті. Адам болмыстар мен құбылыстардың мәні мен ақиқатын түсіндіре алмайтын белгісіз, қараңғы әлемде тіршілігін жалғастыра алмайды. Сондықтан адам осындай бейберекет әлемді өзінің рухани баспанасы хәліне келтіріп, өңдеуге ұмтылады. Ол әлемді, ғарышты жүйелеу, реттеу және өзін сол жүйенің белгілі бір жеріне орналастыру үшін мифтер мен символдарды қолдану арқылы әлеммен үйлесімділікте болуға тырысады. Адам бұл қуатты өзін жаратқан мәдениеттен алады. Әрбір мәдениет өлім мен өмір мәселелерін толғайтын белгілі бір құндылықтар жүйесін қалыптастырады. Яғни өлім – адамзаттың даму сатыларының сабақтастығын қамтамасыз ететін құбылыс. Өлімнің мәнін, сырын ғасырлар бойы әрбір мәдениет, қоғам және адам өзінше ұғынуға тырысқан. Өмір мен өлім ақиқатынан жан мен тән құбылысы туындап, барлық мәдениет атаулының басты мәселесіне айналғаны белгілі. Өлім – жанның тәнді тәрк етуі. Көне түріктерде өлім сағатында жан құс кейпінде ұшып, тәнді тәрк ететіндігі туралы түсініктің тәркіні ескі тарихқа тереңдеп кетеді. Жан Пол Рудың зерттеулері бойынша, рух – көктің сыйы, несібесі ретінде ұлғ (моңғол тілінде «су» ұғымын білдіреді), құт тарапынан берілген. Құт – рух, өмірлік қуат, азық, бақыт, несібе және т.б. мағыналарды білдіреді. Құт – Көктегі «сүт көлінен» келгендіктен де ол сүттей таза. Әлемдегі барлық болмыста құт бар. Құт – бақыт.

Рулық тіршілік тәсілінде аурудан немесе кәріліктен өлу мен соғыста немесе түзде өлудің қайсысы қасиетті өлім саналатындығы пікірталас туғызатын мәселелердің ең бастысы болып келеді. Түркітанушы-ғалым Ү. Хассан төсектегі өлімнің «қасиетсіз, жаман өлім» саналуы рутайпалық тіршіліктің дамуы мен қоғамның әрбір саласындағы «танымдық-информациялық және тәжірибелік қордың қажеттілігі артқан сайын «көп жасаған, көпті көрген, қариялардың қоғам үшін өте пайдалы адам ретінде танылып, оларға деген құрмет төре бойынша заңдастырылып, бекіді десе, философ Ш. Гүналтай: «қариялардың рухы – кемел рух, тек солар ғана әруақ әлемімен тілдесе алатындықтан, қоғамда құрметке лайық болған» дегенді айтады.

Әдебиеттер

- Connor, James A. (2006). *Pascal's wager: the man who played dice with God*. Harper Collins, NY. 70 p.
- Hegel, G.W.F. (2011). *Hegel's Philosophy Of Mind...* Nabu Press, 412 p.
- Huizinga, J. (2014). *Homo Ludens: A Study of the Play-Element in Culture*. Martino Fine Books, 234 p.
- Fakhry, M. (2002). *Al-Farabi, Founder of Islamic Neoplatonism: His Life, Works and Influence (Great Islamic Thinkers)*. One-world Publications, 208 p.
- Khaldūn, I. (Author), N. Dawood (Editor), Rosenthal F. (Translator) (2015). *The Muqaddimah: An Introduction to History*. Abridged Edition (Princeton Classics) Princeton University Press; Abridged edition, 512 p.
- Levi-strauss C. (1974). *Structural Anthropology*. Basic Books; Revised ed. Edition. 410 p.
- Schiller, F. (2018). *Mélanges Philosophiques, Esthétiques Et Littéraires de F. Schiller: Traduits pour la Première Fois (Classic Reprint) (French Edition)*. Forgotten Books, 400 p.
- Valery, P. (author) & Lawler, J. (ed.) (2015). *Collected Works of Paul Valery, Volume 1: Poems (Princeton Legacy Library)*. Princeton University Press, 510 p.
- Абай (2011). Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы. – 413 б.
- Баласағұн Ж. (2007). Құтты білік / ауд. А.Қ.Егеубаев. – Алматы: Таймас. – 536 б.
- Кант, И. (2007). Критика чистого разума / (Пер. с нем.; предисл. И. Евлампиева). – М.: Эксмо; СПб.:Мидгард. – 1120 с.
- Келімбабетов Н. (1998). Ежелгі түркі поэзиясы және қазақ әдебиетіндегі дәстүр жалғастығы. – Алматы: Ғылым. – 278 б.
- Қасабек А.К. (1999). Өркениет және ұлттық философия // О философской школе Казахстана. – Алматы. – №3. – 5-6 бб.
- Махмуд ал-Кашғари (2005). *Диван Лұғат ат-Турк / З-А. М. Ауэзова*. – Алматы: Дайк-Пресс. – 1288 с.
- Мұхтар Әуезов энциклопедиясы (2011). – Алматы, «Атамұра» баспасы. – 517 б.
- Сейдімбек А. (1997). Қазақ әлемі. – Алматы: Санат. – 464 б.
- Шаханова Н.К. (1998) Мир традиционной культуры казахов (этнические очерки). – Алматы: Қазақстан. – 184 с.

References

- Abai (2011). *Encyclopedia*. – Almaty: Main Edition of Kazakh Encyclopedia, Atamura. – 413 p.
- Balasagun Zh. (2007). *KyTTY bilik / transl. A.K. Egeubayev*. – Almaty: Times. – 536 p.
- Connor, James A. (2006). *Pascal's wager: the man who played dice with God*. Harper Collins, NY. 70 p.
- Hegel, G.W.F. (2011). *Hegel's Philosophy Of Mind...* Nabu Press, 412 p.
- Huizinga, J. (2014). *Homo Ludens: A Study of the Play-Element in Culture*. Martino Fine Books, 234 p.
- Fakhry, M. (2002). *Al-Farabi, Founder of Islamic Neoplatonism: His Life, Works and Influence (Great Islamic Thinkers)*. One-world Publications, 208 p.
- Kant, I. (2007). *Kritika chistogo razuma [Criticism of pure mind] / (Trans. From German I.Yevlampiyeva)*. – Moscow: Exmo. – 1120 p.
- Kasabek A.K. (1999). *Orkeniet zhane ulttyk filosophiya [Civilization and national philosophy]. On philosophical school of Kazakhstan*. – Almaty. No.3. – 5-6 pp.
- Kelimbetov N. (1998). *Ezhelgi turki poeziyasy zhane kazakh adebietindegi dastur zhalgastygy [Ancient Turkic poetry and continuity of tradition in Kazakh culture]*. Almaty: Gylym. – 278 p.
- Khaldūn, I. (Author), N. Dawood (Editor), Rosenthal F. (Translator) (2015). *The Muqaddimah: An Introduction to History*. Abridged Edition (Princeton Classics) Princeton University Press; Abridged edition, 512 p.
- Levi-strauss C. (1974). *Structural Anthropology*. Basic Books; Revised ed. Edition. 410 p.
- Mahmud al-Kashgari (2005). *Divan Lughat at-Turk*. Almaty: Dike press. – 1288 p.
- Mukhtar Auezov encyclopedia (2011). – Almaty: Atamura publishing house, 2011. – 517 p.
- Shakhanova N.K. (1998). *Mir traditsionnoi kul'tury kazakhov (etnicheskie ocherki) [World of traditional culture of Kazakhs (ethnic essays)]*. – Almaty: Kazakhstan, 184 p.
- Seidimbek A. (1997). *Kazakh alemi [Kazakh world]*. – Almaty: Sanat, 464 p.
- Schiller, F. (2018). *Mélanges Philosophiques, Esthétiques Et Littéraires de F. Schiller: Traduits pour la Première Fois (Classic Reprint) (French Edition)*. Forgotten Books, 400 p.
- Valery, P. (author) & Lawler, J. (ed.) (2015). *Collected Works of Paul Valery, Volume 1: Poems (Princeton Legacy Library)*. Princeton University Press, 510 p.